



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ №35 БЮЛЛЕТЕНІ

2022 ж. 09 қыркүйек, жұма



1-сурет. 2022 ж. 04 қыркүйек ғарыштан түсірілген Каспий теңізінің
NAGA/GSFC фотосуреті

**2022 Ж. 08-13 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН
КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ СОЛТҮСТІК БӨЛІГІНІҢ ЖӘНЕ
ЖЕЛШЕГЕРМЕ- ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ БОЛЖАМЫ**


ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІ.

08-13 қыркүйек аралығында теңіз деңгейінің минус 28,39 м шамасында ауытқуы күтілуде. Теңіз деңгейінің ауытқу диапазоны минус 28,69 м-ден минус 28,10 м аралығында болуы мүмкін.

2-суретте Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі әртүрлі нүктелердегі теңіз деңгейінің болжамды мәндерінің графигі көрсетілген.

ЖЕЛШЕГЕРМЕ- ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАР.

Пешной, Құлалы арал, Тюлений арал, Жанбай, Қаратон және Қаламқас аймағында желшегерме және желкөтерме құбылыстары күтілмейді, теңіз деңгейінің ауытқуы **10-12 см-ден аспайды.**



2-сурет. Солтүстік Каспийдегі теңіз деңгейінің болжамы

2022 Ж. 08-13 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ОРТАҢҒЫ БӨЛІГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖӘНЕ ЖЕЛШЕГЕРМЕ ЖӘНЕ ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ БОЛЖАМЫ


ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІ.

08-13 қыркүйек аралығында теңіз деңгейінің минус 28,70 м шамасында ауытқуы күтілуде. Теңіз деңгейінің ауытқу диапазоны минус 29,06 м-ден минус 28,32 м аралығында болуы мүмкін.

3-суретте Каспий теңізінің Ортаңғы бөлігіндегі әртүрлі нүктелердегі теңіз деңгейінің болжамды мәндерінің графигі көрсетілген.

ЖЕЛШЕГЕРМЕ-ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАР.

Форт-Шевченко, Ақтау, Фетисово және Махачкала аймағында желшегерме және желкөтерме құбылыстары күтілмейді, теңіз деңгейінің ауытқуы **5 см-ден аспайды**.



3-сурет. Орта Каспий пункттеріндегі теңіз деңгейінің болжамы

**ҚАЗАҚСТАН ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ПУНКТТЕРІНДЕ
БОЛАТЫН ТЕҢІЗ ДЕНГЕЙІНІҢ БОЛЖАМАЛЫ МӘНДЕРІ**

Пункттың атауы	Ең жоғары		Ең төмен		Орташа
	теңіз деңгейі, см (БЖ м)	күні, уақыты. ГОУ*	теңіз деңгейі, см (БЖ м)	күні, уақыты. ГОУ*	теңіз деңгейі, см (БЖ м)
Солтүстік Каспий					
Жанбай	-10 (-28,10)	2022/09/12 11:00:00	-16 (-28,16)	2022/09/10 03:00:00	-13 (-28,13)
Пешной	-55 (-28,55)	2022/09/11 03:00:00	-69 (-28,69)	2022/09/08 12:00:00	-60 (-28,60)
Қаратон	-14 (-28,14)	2022/09/10 05:00:00	-26 (-28,26)	2022/09/13 04:00:00	-19 (-28,19)
Қаламқас	-14 (-28,14)	2022/09/13 03:00:00	-31 (-28,31)	2022/09/11 13:00:00	-26 (-28,26)
Құлалы	-54 (-28,54)	2022/09/13 01:00:00	-62 (-28,62)	2022/09/08 13:00:00	-58 (-28,58)
Тюлений	-52 (-28,52)	2022/09/11 22:00:00	-64 (-28,64)	2022/09/08 12:00:00	-58 (-28,58)
Орта Каспий					
Форт-Шевченко	-50 (-28,50)	2022/09/12 08:00:00	-67 (-28,67)	2022/09/09 19:00:00	-60 (-28,60)
Ақтау	-102 (-29,02)	2022/09/08 18:00:00	-106 (-29,06)	2022/09/09 18:00:00	-104 (-29,04)
Фетисово	-68 (-28,68)	2022/09/08 12:00:00	-73 (-28,73)	2022/09/10 03:00:00	-71 (-28,71)
Махачкала	-32 (-28,32)	2022/09/13 12:00:00	-50 (-28,50)	2022/09/09 23:00:00	-43 (-28,43)

ГОУ*- гринвич орташа уақыты

2022 Ж. 01-07 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІНІҢ ЖАҒДАЙЫНА ШОЛУ

Қазгидрометтің Пешной, Жанбай, Құлалы аралы теңіз станциялары мен посттарының, сондай-ақ Росгидрометтің (Тюлений аралы) жедел мәліметтері бойынша, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде теңіз деңгейінің орташа мәні минус 28,52 м-ге, ең жоғарғы мәні - минус 28,11 м-ге, ең төменгі мәні – минус 28,93 м-ге сәйкес келді.

Қазгидрометтің Форт-Шевченко, Ақтау, Фетисово теңіз станциялары мен посттарының және Росгидрометтің (Махачкала) жедел мәліметтері бойынша, Каспий теңізі суы терең бөлігінде деңгейінің орташа мәні минус 28,61 м-ге, ең жоғарғы мәні - минус 28,45 м-ге, ең төменгі мәні - минус 29,06 м-ге сәйкес келді.

СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒАЛАУДАҒЫ ЖЕЛШЕГЕРМЕ-ЖЕЛКӨТЕРМЕ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ ҚАУІП-ҚАТЕР ӨЛШЕМДЕРІ

	Көтерілу/Төмендеу, см	Сипаттамасы***	Салдары
Желкөтерме	50	Өте қиын кезең	жағалаудың су басуы 5 км-ге дейін
	65	Қауіпті	бөгеттер мен үйлердің су басуы 10 км дейін
	110	Аса қауіпті	жағалаудың су басуы, бөгеттердің және үйлердің су басуы 10 км астам
Желшегерме	-50	Өте қиын кезең	кішкене кемелердің жүзуінің қиындауы
	-65	Қауіпті	кішкене және орта кемелердің жүзуінің қиындауы
	-100	Аса қауіпті	кемелер қайыңға тұрып қалуы мүмкін

* Есептік сипаттамалар Каспий теңізі жағдайына «Қазгидромет» РМК жасаған Дат гидравликалық институтының MIKE 21 гидродинамикалық модулін қолдану арқылы алынған. Есептеу барысында теңіз деңгейін бақылау мәліметтері және 24-120 сағаттың қысым алабының сандық болжауы пайдаланылған.

** Ерекше белгілерді анықтаған кезде жергілікті жағдайлар есепке алынды.

*** Желшегерме-желкөтерме құбылыстары биіктігінің өте қиын кезеңі 50% қамтамасыздықпен, қауіпті - 25% қамтамасыздығымен, аса қауіпті - 2 % қамтамасыздығымен анықталды. Есептеу 1940-2020 жж. Т Пешной деректері бойынша жасалған.

БС – Балтик системасы

Бюллетень Каспий теңізінің гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасында
құрастырылды

Мекенжайы: 050022, Алматы, Абай даңғ. 32, Тел.: 255-84-06

e-mail: kaspy@meteo.kz

Құрастырған: Васенина Е.И.

Тексерген: Ивкина Н.И.

Қазақшаға аударған: Наурозбаева Ж.К.

Бюллетеньдегі материалдарды пайдаланған кезде міндетті түрде

«Қазгидромет» РМК-ге сілтеме жасау керек.